

Ақмола облысындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген жер учаскелерін босалқы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 699 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақмола облысы Бурабай ауданындағы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің жалпы алаңы 233,0 гектар жері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері санатынан босалқы жер санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін «Бурабай даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. «Бурабай даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыруға байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

1 1

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 6 9 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің ерекше

**қорғалатын табиғи аумақтар жері санатынан босалқы жер санатына
ауыстырылатын жерінің экспликациясы**

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде:					
		алаңқай жерлер	селдіреулер	жайылымдар	жолдар	басқа жерлер	
1	2	3	4	5	6	7	8
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі	233,0	14,0	-	-	-	1,5	217,5
Жиыны	233,0	14,0	-	-	-	1,5	217,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК